



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN


Алматы қаласының әкімдігі
Алматы облысының әкімдігі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Акимат города Алматы
Акимат Алматинской области

Казакский государственный женский педагогический университет
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева

Almaty city department
Department of Almaty region
Kazakh State Women's Teacher Training University
L.N.Gumulev Eurasian National University



«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ АЛЫП ЖЫРШЫСЫ»

атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

(Алматы қ., 25 ақпан 2016 ж.)

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции
«ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – НАРОДНЫЙ ПОЭТ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

(г.Алматы, 25 февраля 2016 г.)

MATERIALS

of the international scientific-theoretical conference
«ZHAMBUL ZHABAEV – NATIONAL POET OF GREAT STEPPE»

(Almaty, February 25, 2016)

Алматы, 2016

| | |
|--|-----|
| <i>Жунисова М.А.</i> | |
| Жамбыл Жабаевтың тілдік тұлғасы..... | 279 |
| ✓ <i>Сұлтанова Б.М., Тойғанбекова М.Ш.</i> | |
| Жыр алыбы Жамбылдың сөз кестесі..... | 282 |
| <i>Нұржанова Б.Н.</i> | |
| Жазушы тілі сөздігі және Ж.Жабаевтың тілдік ерекшелігі..... | 285 |
| <i>Ибрагимова Ж., Нұрмат Б.</i> | |
| Жамбыл шығармаларының аудармасы: этнографиялық лакуналар..... | 288 |
| <i>Абитжанова Ж.А.</i> | |
| Ж. Жабаев шығармалары тіліндегі метафоралардың қолданысы..... | 290 |
| <i>Юсуп А.Н.</i> | |
| Жамбыл тілінің концептосферасы..... | 292 |
| <i>Ержанова Ф.М., Игенбай Т.Е.</i> | |
| Аксиология фразеологизмов в поэтической речи Жамбыла..... | 295 |
| <i>Сейдазимова Б.Ш.</i> | |
| Жамбыл өлеңдерінің стилдік ерекшелігі..... | 297 |
| <i>Қасымова А.Т.</i> | |
| Жамбылдың соғыс тақырыбына арналған өлеңдерінің тілдік ерекшелігі..... | 300 |
| <i>Әмірақынова Г.А.</i> | |
| Жамбыл әзілдерінің дискурсы..... | 302 |

III ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚИТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

| | |
|--|-----|
| <i>Сманов Б.</i> | |
| Ж.Жабаевтың шығармашылығын оқыту..... | 307 |
| <i>Қасым Б.</i> | |
| Жамбыл шығармашылығын өзгетілді дәрісханаларда жаңа технология арқылы оқытудың әдістемесі және тапсырмалар жүйесі..... | 312 |
| <i>Балтабаева Ж.Қ.</i> | |
| Қазақ тілі сабақтарында Жамбыл Жабаев шығармаларын тіл дамыту мақсатында пайдалану жолдары..... | 316 |
| <i>Иманбердиева С.Қ., Бегалиева Л.Б., Жақыбаев Қ.А.</i> | |
| Кейс әдісі арқылы Жамбыл шығармашылығын оқытудың тиімділігі..... | 320 |
| <i>Жанұзақова Қ.Т., Саметова Ж.Ш.</i> | |
| Жамбыл Жабаев шығармаларын оқыту арқылы студенттерге эстетикалық тәрбие беру..... | 323 |
| <i>Әбдіқадырова Т.Р.</i> | |
| Екі ғасырдың куәсі болған дарын иесі..... | 328 |
| <i>Жұмақаева Б.Д.</i> | |
| Жамбыл Жабаев шығармаларын орта буын сыныптарда оқыту..... | 331 |
| <i>Мухтаров А.Х.</i> | |
| Жамбыл ақынның өмірі мен шығармашылығын сыни тұрғыдан ойлауды дамыта отырып оқыту оқулары..... | 333 |
| <i>Сарбасов Б.С., Сарбасова И.С.</i> | |
| Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу..... | 337 |
| <i>Ерхожина Ш.Л.</i> | |
| Жамбыл өлеңдерін қазақ тілі сабағында талдау..... | 340 |
| <i>Нұрланбекова Е.Қ.</i> | |
| Ағылшын тілі сабағында Ж.Жабаев шығармаларын қолданудың маңызы..... | 343 |
| <i>Рысбаева Г.Қ., Нуртаза А.А.</i> | |
| Жамбыл Жабаевтың өлеңдерін интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқыту..... | 345 |
| <i>Отарбекова Ж., Утенова М.</i> | |
| Ж.Жабаевтың сатиралық шығармаларын мектепте оқыту..... | 349 |
| <i>Галиева А.Н., Асылова Р.О.</i> | |
| Жамбыл Жабаев шығармаларын жоғары оқу орындарында оқыту мәселелері..... | 352 |
| <i>Ибраймова Т.Ә., Ердебекова А.Е.</i> | |
| Жамбыл Жабаев шығармашылығын оқытуда жазу мен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану..... | 355 |
| <i>Мәтбек Н.Қ.</i> | |
| Дайындық бөлім тыңдаушыларына Жамбыл Жабаев шығармашылығын оқыту..... | 357 |

деңгей – тіл ұстанушының табиғи тілді қалыпты (жалпы жақсы) меңгеруіне сәйкес зерттеуші үшін белгілі бір лексикалық және грамматикалық мағыналарды білдірудің құралдарын дәстүрлі сипаттауды білдіреді [6]. Тілдік тұлғаның қорытынды біліміне сипаттама беруге болады: өзіне тән мінездемесі, мүдделері, әлеуметтік және психологиялық қалаулары мен мақсаттары бар индивидум және осы мәтіндердің авторы туралы білім; тілдік қоғамдастықтың және оған кіретін (аясы тарлау). Тілдік ұжымның типтік өкілі ретінде берілген тілдің (жиынтық және орташаландырылған) ұстанушысы туралы білім; жүйелерді және ең алдымен, табиғи тілді қолдану - ажырамас қасиеті болып табылатын тегінің өкілі ретінде танылатын тұлға туралы білім.

Қорыға келгенде, ақиық ақынымыз Жамбыл Жабаев поэзиясының тілі әлі талай жұмыстардың нысаны болып қана қоймай, сөз табиғатын, әсіресе халықтық таным сипатын көмектесетін бедерлі мол мұра екеніне тағы көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.zharar.com.kz
2. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалдық жүйе // Филол. ғыл. докт. автореф. Алматы, 2009 ж. 50б.
3. <http://www.adebikz.com>
4. <http://www.qazaquni.kz>
5. Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы // Монография. Алматы, 2006. 125 б.
6. Караулов Ю.Н. Языковая личность // Русский язык. Энциклопедия / Гл.ред. Ю.Н.Караулов. – 2-М.: Большая Росс.энциклопедия, Дрофа, 1998. –С. 671-672.
7. Тереклова Ф.Х. Язык и стиль трудов профессора Х.К. Жубанова // Ұлт тағлымы. - 2004. - 163-168
8. Қожахметова Ф. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: Филол. канд. дисс. автореф. - Алматы, 2004.- 30 б.
9. Саткенова Ж.Б. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша) // Филол.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 2006. – 19 б.

Резюме

В статье дается анализ языковой личности поэта.

Summary

The article analyzes the linguistic identify of the poet.

ЖЫР АЛЫБЫ ЖАМБЫЛДЫҢ СӨЗ КЕСТЕСІ

*Б.М.Сұлтанова, ф.ғ.к., қауым.проф.
(Алматы қ.ҚазМемҚызПУ)*

*М.Ш.Тойғанбекова, аға оқытушы
(Алматы қ. әл-Фараби атындағы К)*

Қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев тағдыры халық тағдырымен тұтасып, Ақын жырына халқының бар өмірі, биік мұраты, мұң-мүддесі арқау болды. Жамбыл Жабаев әдебиет пен халық поэзиясын байланыстыра білгенінің арқасында ұлттық поэзиямыздың көтере білді. Ж.Жабаев қазақ поэзиясын биікке көтергенде ақын өзі суреттеп отырған құбылған жан дүниесімен сезініп, оны білдіретін тілдік, стильдік құралдарды дәл тауып қолданды. Сондықтан да ақын оқырман сезіміне әсер етеді, оны ойландырады, толғандырады, құбылтырады, күйіндіреді.

Көркем шығарманың идеясы, образы, эстеттикалық қуатын – бәрін айқындайтын негізгі тіл екендігі ежелден мәлім. Әр ақынның, суреткердің стильдік ерекшелігін, өзіндік қолтаңбаны танытатын басты белгі тілінде. Шын мәніндегі суреткер, замана шындығын бейнелейтін ұлттық тіл мәдениетінің дамуына ықпал жасайды. Сондай ақындарымыздың бірі – Жамбыл Жабаев.

Шығарма тілін лингвистикалық талдау әдеби туындының эстетикалық табиғатын, қырын түсінуге және өмірдегі түрлі құбылыстарды оқырманның байыптауына пайдасы мол.